

## Орталық Азиядағы серіктестер

**Н**АТО Орталық Азиядағы серіктес-елдерімен ынтымақтастығын нығайтуды жалғастыруда – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан. Бұл стратегиялық тұрғыдан маңызды аймақтармен сыртқы қатынастарды дамыту саясаты шегінде жүзеге асады, олардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығы ортақ евроатлантикалық қауіпсіздікпен тығыз байланысты. Бес елдің әрқайсысының Солтүстік атлантикалық одақ белсенді қатысып отырған Ауғанстан мемлекетінің әрі қарай дамуына жақсы әсер ететін өз күш-қуаты бар.

НАТОның 2010 жылдың қараша айында Лиссабон қаласында қабылданған жаңа стратегиялық тұжырымдама бойынша, евроатлантикалық аймақ қауіпсіздігін нығайту дүние жүзіндегі елдер мен ұйымдардың кең серіктестік қатынастарының жүйесі арқылы сәттірек жүзеге асады. Лиссабонда диалог пен ынтымақтастық инклюзивті, икемді және стратегиялық бағытталған болуы үшін НАТО серіктестігі саясатын реформалау бойынша мақсатты жұмыс іске асырылды. Жаңа саясат 2011 жылдың сәуір айында Берлинде сыртқы істер министрлігінің мәжілісінде бекітілді.

НАТО-ның ынтымақтастық құрылымы және бағдарламасы қауіпсіздік, сонымен қатар, НАТО мүше-елдер және басқа серіктес-елдермен бірнеше бағыт бойынша екі жақты тәжірибелік ынтымақтастық орнату мүмкіндігіне қатысты мәселелері диалогы үшін көп тарапты жолдарды ұсынады. Бұл айқындық мүмкіндігін тудырады, сенімді нығайтады және жалпы қауіпсіздік мәселелерін шешуге көмектеседі.

Барлық бес орта азия елдері алғашқы кезеңнің өзінде солтүстік атлантикалық ынтымақтастық кеңеске қатысты. Диалогқа негізделген бұл форумды Шығыс пен Батыстың арасындағы бөлінуден өту және Варшава келісімінің бұрынғы мемлекеттерімен қатынастарды орнату жолындағы бастапқы қадам ретінде 1991 жылы Солтүстік-атлантикалық одақ құрды. Кейінірек, 1997 ж., бұл ұйымның орнына евроатлантикалық серіктестік



2013 жылдың 17 қыркүйекте аймақтық тұрақтылық пен алдағы ынтымақтастық жөнінде талқыланған екі жақты кездесуден кейін Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаев және НАТО Бас хатшысы Андерс Фог Расмуссен НАТО-ның штаб-пәтерінде өткен пресс-конференция.



- p2 Жалпы аймақтық қауіпсіздікке шақыру
- p5 «Бейбітшілік үшін серіктестік»: бейімделген ынтымақтастық шектері
- p7 Серіктестіктің құндылықтары
- p7 Көп тарапты өлшеу
- p8-14 Ұнтымақтастықтың негізгі бағыттары

кеңесі құрылды. Бес елдің төртеуі «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы ұсынған мүмкіндіктерді бірден қолданып, осы тәжірибелік екі жақты ынтымақтастықтың ірі жобасына құрылғаннан кейін көп кешікпей 1994 жылы қосылды (Тәжікстан кейін 2002 ж. қосылды). 2004 ж. Стамбұлдағы саммитта НАТО елдерінің жетекшілері Солтүстік атлантикалық одақ үшін басымдық ретінде Орталық Азиямен және Кавказбен серіктестік орнату шешімін қабылдады.

Әр орта азия елдерінің НАТО-мен қарым-қатынасы алуан түрлі жолмен дамыды, себебі әр серіктес-елдің қалай және қай салада серіктестік орнатқысы келетініне байланысты өз еркін таңдау құқығы бар. Орталық Азияның кейбір серіктес-елдері Солтүстік атлантикалық одақпен ынтымақтастыққа қоса қауіпсіздік жөнінде басқа да аймақтық ұйымдарға қатысады. НАТО олардың Солтүстік атлантикалық одақпен ынтымақтастығында және басқа ұйымдармен берік қатынас орнату ықыласында ешбір қайшылықтарды көрмейді.

## Жалпы аймақтық қауіпсіздікке шақыру

Аймақта созылып жатқан Ұлы жібек жолы еуропа мен Азия арасында тауарлар айырбасына, білім және идеялардың алмасуына себеп болды, сол себепті, орталық азия аймағы тарихи тұрғыдан аса маңызды жер болған. Бүгінгі күнге дейін сол ерекшелігін сақтап келеді.

Қазіргі уақыттағы қауіпсіздік жағдайында НАТО елдері және оның Орталық Азиядағы серіктестері алдында ортақ басты қауіпсіздік мәселесі тұр. Лаңкестік, діни экстремизм, этникалық қақтығыстар, құрылмай қалған елдер, ұйымдасқан қылмыс, жаппай қыру қаруын тарату және есірткіні заңсыз таратудың қауіп-қатері шексіз, және оларға келісіп атқарылатын халықаралық әрекеттер арқылы ғана қарсы тұру мүмкін.

Егер аймақты кең алып қарастыратын болсақ, Ауғанстандағы жағдай Орталық Азияның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына және керісінше тікелей немесе жанама түрде әсер ететінін аңғаруға болады. НАТО-ның аймаққа қатысуы 2003 жылы Ауғанстандағы қауіпсіздікке қолдау жөніндегі халықаралық күштерді басқаруды өз қолына алған кезде арта түсті. Сол себепті НАТО өз орталық азия серіктестерін Ауғанстандағы және жалпы аймақтағы, соның ішінде 2014 ж. кейінгі НАТО-ның миссиясы туралы жағдайды дамыту жөніндегі саяси диалогқа тартады.

### Орталық Азия және Кавказ мемлекеттерінің арнайы өкілі

2004 жылдың маусым айында Стамбұл қаласында өткен Саммитте Орталық Азия және Кавказ мемлекеттерінің арнайы өкілін тағайындау туралы шешім қабылданды. Бұл лауазымды алғашқы болып Роберт Симмонс иеленген болатын, қазіргі өкіл НАТО-ның бұрынғы пресс-хатшысы Джеймс Аппатурай болып табылады. Оның негізгі рөлі - аймақтық қауіпсіздікті нығайту және серіктестерге серіктестік құралдарын тиімді пайдалануда себін тигізу мақсатында аймақтық басшылармен қызметтік қатынасты жоғары деңгейде ұстау.

Ол аймақтағы ресми тұлғалармен, сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Еуропалық Одақ секілді басқа да ұйымдардағы әріптестермен тығыз қарым-қатынаста болады. Осының арқасында тұрақты байланыс құрылып, ұйымдар жұмыстары бірін-бірі толықтаушы негізде орындалуда. Орталық Азия және Кавказ мемлекеттері бойынша арнайы өкіл жұмысына әр аймақ бойынша жеке байланыс және өзара әрекеттесу бойынша екі қызметкер көмек көрсетеді.



Ауғанстанның этникалық әр түрлілігі Орталық Азия елдерінің көбінің, сондай-ақ, Ауғанстанның тұрақтылығы мен қалпына келуіне оң әсер ете алатын маңызды жергілікті қауымдар және қайраткерлермен қатынастары бар екенін білдіреді. Орта Азия елдері, сонымен қатар, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруда қазығушылық танытуда, себебі олар тұрақсыздықтың өз елдеріне таралу қаупінің алдын алғысы келеді және Ауғанстаннан тасымалданатын есірткі трафиігі себебінен туындаған қауіппен күресуде.

## **Ауғанстан мәтiнiндегi қауiпсiздiк саласындағы ынтымақтастық және аймақтық ынтымақтастықтың маңызы**

Орталық Азия елдері НАТО-ның жетекшілігімен Ауғанстандағы ИСАФ операциясына қолдау көрсетеді. Бұл қолдауға территория үстінен ұшып өтуге рұсат беру және НАТО-ның жеке елдеріне әскери базаларды қолдануға беру кіреді. Оған қоса, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан (Беларусия, Ресей мен Украинамен қатар) темір жол және (немесе) автокөлік жолдары желісімен қамтамасыз етті, ұшақ арқылы жеткізілмейтін жүктер сол жолдар арқылы Ауғанстанға және кері тасымалдануы мүмкін. Бұл коалиция әскерін қамтамасыз ететін Солтүстік жол, сондай-ақ, орталық азия серіктестеріне тасымалдау желілерінің мәліметтерін ұзақ мерзімді сауда қатынас жолдарына ауыстыру мүмкіндігін береді. Ол қатынас жолдары Ауғанстан мен басқа Орталық Азия елдерін өзара байланыстырады, және де аймақты Европамен қосады. Аймақтық темір жолдарының ары қарай дамуы әлемнің осы әлі де экономикалық бірігуі төмен аймағында аса маңызды болады және «Жаңа жібек жолы» - көлік, ақпараттық-байланыс және энергетикалық инфрақұрылым арқылы өзара байланысқан аймақ - тұжырымдамасының орындалуына жақындатады.

Аймақтық ынтымақтастық мүмкіндігін Ауғанстандағы тұрақтылық үшін пайдалану – Орталық Азия үшін тағы бір міндет. НАТО айтуынша, Стамбұл үдерісі/«Азия жүрегі» ынтымақтастықты жүзеге асыратын құнды үлгі болып табылады. НАТО осы үдерісте белсенді қатысады, және де апат салдарын жою жөніндегі сенімді арттыру шараларын тәжірибе жүзінде жүзеге асырады. НАТО-ның Орталық Азиядағы серіктестері екі жақты деңгейде Ауғанстанның дамуы мен тұрақтануына үлкен үлес қосуда.

### **ИСАФ НАТО миссиясы**

Орталық Азия қауіпсіздігі Ауғанстан қауіпсіздігімен айтарлықтай дәрежеде байланысты. Ауғанстандағы ахуалдың дамуы аймақтың жалпы қауіпсіздігі мен тұрақтылығына тікелей немесе жанама түрде әсерін тигізеді. НАТО Ауғанстан мемлекетін лаңкестер мен лаңкестіктің отанына қайта айналдырмау мақсатында Ауғанстан ұлттық күштерінің қауіпсіздік (АҰКҚ) сенімділігін нығайтып, мүмкіндігін құру үшін қаржыландыруын жалғастыруда. Қажетті дайындықтардан өткен және соғысуға қабілетті АҰКҚ көршілес елдерге келетін залалдарды айтарлықтай азайтып, жалпы аймақтық қауіпсіздікке өз үлестерін қосады. АҰКҚ тек жақсы нәтижелерге ғана қол жеткізеді: олар жүгізіп жатқан тиімді операциялардың нәтижесінде Ауғанстандағы қауіпсіздіктің жалпы жағдайы жақсаруда.

ИСАФ 2014 жылдың соңына дейін БҰҰ Қауіпсіздік Одағының қарарына сәйкес Ауғанстан үкіметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өз жұмыстарын жалғастыра береді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жауапкершілікті біртіндеп өтуі айтарлықтай деңгейде жүзеге асуда, 2014 жылдың соңына дейін АҰКҚ толық жауапкершілікті қабылдауы қажет. НАТО ауған күштерінің ары қарай тұрақты даму жолында жүруіне демеу ретінде 2014 жылдан кейін де өз рөлін атқаруға міндеттелді.



© NATO

2010 жылдың 25 қазан айында өткен ынтымақтастыққа байланысты, оның ішінде, қорғаныс және Ауғанстандағы НАТО жетекшілігімен өткізілетін операцияларға қолдау көрсету жөніндегі талқылаудан кейін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев және НАТО Бас хатшысы НАТО штаб-пәтерінде БАҚ-мен тілдесуде.



© NATO

2011 жылдың 24 қаңтар айында өткен Ауғанстанға қолдау көрсету және НАТО мен мемлекет арасындағы екіжақты серіктестік пен ынтымақтастықты ары қарай нығайту жолдарын анықтау мәселелері талқыланған Өзбекстан Президенті Ислам Каримов пен НАТО Бас хатшысының кездесуі.

Қазақстан Ауғанстанға көп көмек көрсетті. Оған инвестициялар, ауыл шарушылығына көмек, мектеп, аурухана және темір жол құрылыстары, сонымен қатар, ауған студенттеріне Қазақстанда білім алуға мүмкіндік беретін шәкіртақыларын бөлу кіреді. Тәжікстан Ауғанстан мен өз шекарасын бойлай ағатын Пяндж өзені арқылы адамдардың өтуі мен жүктердің тасымалдануына күш салуда. Тәжікстан үкіметі Ага Ханның даму ұйымымен бірге және Ауғанстан үкіметімен бірге бірқатар көпірлердің құрылысын аяқтау жұмыстарын жүргізуде, ол көпірлердің көп бөлігі болашақта салынып бітеді. Түркменстан қаражаттандырылған энергияны Ауғанстанға жеткізеді және ТАПУ құбыржолы және Түркменстан, Ауғанстан және Тәжікстанды байланыстыратын темір жол жобасы жұмыстарына қатысады. Өзбекстаннан келген мамандар Ауғанстандағы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі бірқатар жобаларды жүзеге асыруда ат салысты, соның ішінде, елдің солтүстік аудандарын астанамен байланыстыратын он көпірді қалпына келтірді, Хайратон – Мазари-Шариф бағытындағы Ауғанстандағы алғашқы темір жол құрылысын және Кабулды электр энергиясымен қамтамасыз етуді жүзеге асырды.

НАТО айтуынша, осындай күш салудың әсерлері жан-жақты негізде ұйымдасқан кезде артады, міне сондықтан, ол Орталық Азиядағы барлық серіктестерін «Азия жүрегі» үдерісіне бар күш-жігерлерін сала қатысуға шақырады.

Орталық Азия елдері мен Ауғанстанның географиялық жағынан жақын орналасуы, және де діни экстремизмге қатысты ішкі мәселелері осы елдердің лаңкестік қауіпке қарсы оңтайлы әрекет ету мақсатында НАТО елдерімен бірге жұмыс істеу қызығушылығын арттырды. Орталық Азиядағы серіктес-елдер лаңкестікке қарсы күреске 2001 ж. 11 қыркүйегіндегі АҚШ-ғы лаңкестік әрекеттен кейін ЕАЫК бірден құрған лаңкестікке қарсы күрес жөніндегі әрекеттер Жоспарына қатысу арқылы үлес қосып отыр. Осы саладағы ынтымақтастыққа ақпарат алмасу, оқу шараларына және лаңкестікке қарсы әрекет ету үшін жергілікті күштер қуатын нығайтуға бағытталған үйрету шараларына қатысу кіреді. Сондай-ақ, мүмкін лаңкестік шабуыл салдарын жою дайындығын жақсарту маңызды. НАТО Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азиядағы Жаһандық контрлаңкестік стратегияны жүзеге асыру бойынша ортақ әрекет ету жоспары шегінде аймақтық күштерді қолдауды жалғастыруда. Орталық Азия елдерінің алдында әлі де 2014 ж. кейін экстремизм және лаңкестікпен байланысты қауіптер бар кезде, оларға да тең әлеуметтік-экономикалық даму, адал мемлекеттік басқару, демократия мен адам құқықтарына байланысты өзекті ішкі мәселелерді шешу қажет екенін атап өту маңызды. НАТО Орталық Азиядағы өз серіктестеріне басқа көптеген мемлекеттерге көмектескендей демократияны орнатуға, қауіпсіздік жөніндегі есеп беруге міндетті институттар құруға қолдау көрсетуге дайын.

## «Бейбітшілік үшін серіктестік»: бейімделген ынтымақтастық шектері

2014 ж. өз жиырма жылдығын тойлайтын «Бейбітшілік үшін серіктестік» (БҮС) ұйымының мәні – НАТО мен әр жеке серіктес-ел арасында орнатылатын серіктестік қатынастары. Ынтымақтастық елдің талпынысы, қажеттілігі және мүмкіндігіне сәйкес бейімделген және серіктес-ел үкіметімен бірге жүзеге асады. Серіктестер іс-шаралардың үлкен тізімінен таңдау жасап, ынтымақтастықтың екі жылдық бағдарламасын құрады, ол «Серіктестік пен ынтымақтастықтың жеке бағдарламасы» (СЫЖБ) деп аталады.

Ұсынылып отырған іс-шаралар НАТО қызметінің барлық салаларын қамтиды, соның ішінде, әскери реформа, қорғаныс саясаты және жоспарлау, әскери-азаматтық қатынастар, оқыту жұмыстары, әскери ынтымақтастық және оқыту, азаматтық төтенше жоспарлау және апат жағдайында әрекет ету, сондай-ақ, ғылым саласындағы ынтымақтастық.

НАТО мен әр орталық азия серіктес-елінің арасындағы ынтымақтастықтың жеке бағдарламасы олардың талаптары мен қажеттіліктеріне байланысты әртүрлі жолмен дамыды.

**Қазақстан** – аймақтағы ең белсенді серіктестердің бірі – серіктестік шараларға толық қатысады және 2006 ж. НАТО-мен «Серіктестіктің жеке әрекет ету жоспарын» (СЖӘЖ) құрды. Бұл серіктестің жаңа механизмін НАТО мүше елдер 2002 ж. Прага саммитінен кейін құрды және ол саяси еркі зор және НАТО-мен қатынасы нығайтуға мүмкіндігі бар серіктес-елдерге арналады. Екі жылдық кезең бойынша әрекет ететін СЖӘЖ серіктестіктің әртүрлі механизмдерін біріктіреді, олардың көмегімен Қазақстан елді реформалау бойынша тапсырмаларды қолдауға бағытталған әрекеттер жоспарына Солтүстікатлантикалық альянспен өзара әрекет жасайды. Келісім бойынша Қазақстан үкіметі реформалар жоспарын, басымдылықтарды және сәйкес қысқа мерзімдерді белгілейді. НАТО әр елдің ерекшелігін ескере отырып мақсатты кеңестер беріп отыруға келіседі, ал жеке мемлекет-мүшелер елде ішкі реформаны жүргізу жұмыстарын оңтайлы қолдау үшін екіжақты көмекті үйлестіруге ұмтылады. Қазақстан және НАТО қатарынан үш СЖӘЖ келісім жасады, ал 2014 ж. басында төртінші СЖӘЖ талқылау жүріп жатты. Осылайша Қазақстан НАТО-мен серіктестікке адалдығын тағы да растады.

**Қырғызстан** серіктестік қызметтің одан әрі дамуына өскелең қызығушылық танытуда және 2007 ж. БҮС Жоспарлау және талдау жасау процесіне қатысуға келісімін берді. 2010 ж. саяси күйзелістерден кейін жаңа үкімет және Қырғызстан парламенті елдің НАТО-мен қарым-қатынасын қайта растады. Қырғызстан қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан әлеуметтік



2013 жылдың 10 сәуір айында өткен екіжақты ынтымақтастық, аймақтық қауіпсіздік пен есірткіге қарсы күресті күшейту мәселері талқыланған Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон мен НАТО Бас хатшысының кездесуі.

бейімделу жоспарын және запасқа жіберілген әскери қызметкерлерді қайта дайындау жұмыстарын қатты ризашылықпен қабылдады, сонымен қатар атқыштар қару-жарағын және жеңіл қарулану мен ату жарақтарын сақтау нысандарын жетілдіру бойынша НАТО- БҮС мақсатты қор жобасын жүзеге асыруға тілек білдірді және соған қоса Бішкек қаласында НАТО кеңсесін құруға дайындығын білдірді.

**Тәжікстан** Орталық Азиядағы елдердің ішінен ең соңғы болып БҮС бағдарламасына 2002 ж. қосылды. Сол кезден бері ол жұтау және апаттарға (азаматтық төтенше жоспарлау) дайын болу мен елеп жауап қайтару сияқты құрамдас бөліктерге және НАТО- БҮС мақсатты қор механизмдері арқылы жүзеге асатын қарусыздандыру жобаларына ерекше қызығушылық танытып серіктестік қызметін кеңейтіп келеді. Тәжікстан мен НАТО арасындағы жақын арада болған пікірталас барысында мемлекеттік шекаралардың қауіпсіздігі және қоғамдық дипломатия сияқты салаларда барынша тығыз әрекеттестік жасау үшін мүмкіндіктер қаралды. .

**Түркменстанның** НАТО-мен серіктестігі Орталық Азиядағы басқа серіктестермен салыстырғанда барынша шектеулі және азаматтық саладағы іс-шаралардан ғана тұрады. Алайда, бұл елдің соңғы жылдары көрші елдермен және халықаралық ұйымдармен серіктестік пен диалогты кеңейту жолдарын ашу үшін бағытталған күштері НАТО-мен серіктестікті одан бетер тереңдету мүмкіндіктерін көрсетеді.

**Өзбекстанмен** ынтымақтастық серіктестіктің бірінші жылдары айтарлықтай дамыды. Алайда, нәтижесінде НАТО елдері тәуелсіз халықаралық тергеу жүргізуге шақырған 2005 ж. мамыр айында Андижандағы оқиғаларға байланысты келіспеушіліктерден кейін прогрес елеулі бәсеңдеп қалды. Соңғы бірнеше жылда саяси әрекеттестік пен тәжірибелік ынтымақтастық қайта дами бастады. Ташкент Орталық Азия елдерімен байланыс және әрекеттестік бойынша НАТО қызметкерлерінің Бюросын орналстыруға келісімін берді және әскери білім реформасы мен қоғамдық дипломатияны қоса алғанда бірсыпыра бағыттар бойынша альянспен әрекеттестікті жоғарылатады.

## Орталық Азиядағы Орталық Азия мемлекеттерімен байланыс және өзара әрекеттесу бойынша НАТО қызметкері

Байланыс және өзара әрекеттесу бойынша НАТО қызметкері Солтүстік Атлантикалық Одақ ынтымақтастығы аясындағы бағдарламалар анықтайтын мақсаттарға қолдау көрсету бойынша НАТО-мен серіктестік құралдарын максималды түрде пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Орталық Азия елдерінің мемлекеттік органдарымен тікелей қатынаса жұмыс атқарады. Шағын штаттың көмегімен байланыс және өзара әрекеттесу бойынша НАТО қызметкері НАТО-ның дипломатиялық өкілі қызметін де атқарады және қорғаныс жоспары және талдау, НАТО операцияларының жүргізілуіне қолдау көрсету, әскери білім және дайындық, азаматтық төтенше жоспарлау, ғылыми және экологиялық мәселелер бойынша ынтымақтастық, сонымен қатар, қоғамдық дипломатия бағыттары бойынша Орталық Азиядағы серіктестермен НАТО-ның өзара тәжірибелік әрекеттесуіне мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, байланыс және өзара әрекеттесу бойынша НАТО қызметкері аймақтағы басқа да халықаралық мекемелермен, оның ішінде, НАТО мемлекеттерінің елшіліктері және Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы, Еуропалық Одақ және Халықаралық Қызыл Крест комитеті секілді халықаралық ұйымдармен үнемі байланыста болып, үйлестіру жұмыстарын жүргізеді. Қазақстан Орталық Азия елдерінен алғашқы болып байланыс және өзара әрекеттесу бойынша НАТО қызметкерін қабылдаған НАТО-ның серіктес мемлекеті болып табылады. 2013 жылдың наурыз айынан бастап қазіргі байланыс және өзара әрекеттесу бойынша НАТО қызметкерінің дипломатиялық өкіл ретінде аккредитивтелген бюросы Өзбекстанда орналасқан.



## Серіктестіктің құндылықтары

Серіктестік тәжірибелік ынтымақтастыққа ғана сайып келмейді. Құндылықтар жайында да сөз болып отыр. Мемлекет-серіктестер «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қосылған кезде, олар БҮС Шектеулі құжатына қол қояды. Осылайша серіктестер халықаралық құқықты, БҰҰ Жарғысын, Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын, Хельсиндік қорытынды акті, қарусыздандыру және қарулануларды бақылау бойынша халықаралық келісімді сақтауға; басқа мемлекеттерге қарсы қауіп төндіру немесе күш көрсетуден тыйылуға; шекараларды сақтауға; таластарды бейбіт жолмен шешуге міндеттенеді.

Шектеулі құжатта сонымен қатар НАТО елдері шекара тұтастығына, саяси тәуелсіздігіне немесе қауіпсіздігіне қауіп төніп тұр деген кез келген мемлекет-серіктеспен кеңес жүргізуге міндеттеледі деп бекітілген. Бұл міндеттемелердің және БҮС бағдарламасының жалпы мақсаты – сенім мен транспаренттілікті күшейту, әлемге қауіпті төмендету мен одақтас және басқа мемлекет-серіктестермен қауіпсіздік саласында барынша берік қарым-қатынас құру. СЖӨЖ сияқты басқа құралдар мемлекет-серіктестер мен НАТО арасында саяси кеңестер үшін маңызды мүмкіндіктерді ашады. Мемлекеттердің басшылары мен министрлері Бас хатшымен және Солтүстік атлантикалық кеңеспен, НАТО-дағы шешімдерді қабылдайтын басты органмен кездесу үшін НАТО-ның штаб-пәтеріне ресми түрде жиі сапармен барады.

## Көп тарапты өлшеу

Евроатлантикалық серіктестіктің екі жақты ынтымақтастығынан бөлек маңызды көп тарапты өлшеу бар. Оны нақтылы түрде іске асыратын диалог пен кеңес үшін форумда 28 одақтастарды және 22 мемлекет-серіктестікті біріктіретін Евроатлантикалық ынтымақтастық Кеңес (ЕАЫК) болып табылады. ЕАЫК мәжілістері елшілер деңгейінде ай сайын жүргізіледі, жүйелі түрде – сыртқы істер министрлері, қорғаныс министрлері және бас штабтар бастықтары деңгейінде, сондай-ақ мерзімді жоғары деңгейде жүргізіледі.

ЕАЫК мүшелері НАТО мемлекет-мүшелері мен мемлекет-серіктестері ішінен бірлескен күшпен бітімгерлік контингенттерді жазған Косово және Ауғанстандағы қауіпсіздік шарттарын өзгертуді қоса есептегенде кең көлемді қауіпсіздік сұрақтары бойынша пікір алмасады. Бұдан бөлек, ЕАЫК тәжірибелік серіктестікке көмектесу және үйлестіру бойынша ықылас білдірді, сонымен қатар терроризммен күрес, шекаралардың қауіпсіздігі, заңсыз есірткі тасымалымен күрес және жаппай жою қаруларын,



2007 жылдың 7 қараша айында өткен Түркменистан Президенті Құрбанғұлы Бердімұхаметов пен НАТО-ның бұрынғы бас хатшысы Яап де Хооп Схеффердің екіжақты ынтымақтастық мәселесін талқылаған кездесуі.



2013 жылдың қаңтар айында өткен 168 штабтар басшыларының кездесуінде Генерал Мартин Демпси (АҚШ әскери күштер штабының басшысы) Генерал-майор Виктор Махмудовпен (сол тұстағы Өзбекстан әскери күштер штабының басшысы) және подполковник Дилмурод Исакуловпен (НАТО тұсындағы Өзбекстанның әскери өкілі) сұхбаттасып отыр.

атқыштар қару-жарағын тарату мен жеңіл қаруланумен байланысты басқа да мәселелер бойынша білімдермен және дағдыларымен алмасуға ықылас танытты.

Кеңес беру және ынтымақтастыққа көмектесу мақсатында барлық бес ортаазиялық серіктестер Брюссельдегі (Бельгия) НАТО штаб-пәтері қарамағында дипломатиялық өкілдіктерін ұйымдастырды. Қазақстан және Қырғызстан Еуропада Монс қаласында (Бельгия) оқу шаралары мен оқуларда мемлекеттердің қатысуына себепкер болатын БҚК НАТО Жоғарғы бас қолбасшы штабында орналасқан операциялары бойынша НАТО Команда беру Әскери серіктестік Басқармасында көрсетілді. Бұған қоса, Брюссельдегі НАТО штаб-пәтерінде Қазақстан мен Өзбекстанның өздерінің әскери өкілдіктері бар.

## Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Транспаренттік және сенімді бекітуден басқа НАТО-ның Орталық Азиядағы серіктестерімен ынтымақтастығының негізгі басымдылықтары бітімгерлік шараларды жүргізген кезде оперативті сәйкестікті (бұл елдердің қарулы күштерінің одақтастар мен басқа да НАТО-ның мемлекет-серіктестерінің қарулы күштерімен бірге жұмыс істей алу қабілеттері) жоғарылату болып табылады және қауіпсіздіктің ортақ шақыруларын жеңу үшін тәжірибелік серіктестікті дамыту. Бірқатар елдер қорғаныс және қауіпсіздік саласында реформаларды жүзеге асыруда арнайы кеңестер беру мен қолдау көрсетуден пайда көреді. Ынтымақтастықтың басқа да маңызды салалары – апаттарға дайындық және ғылым және экология саласында ынтымақтастық. Бұған қоса НАТО рөлі туралы хабардарлықты жоғарылату және Солтүстікатлантикалық одақпен ынтымақтастықтың пайдасына бағытталған қоғамдық дипломатия саласында іс-шаралар жетілдірілуде.

## Қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы реформа

Қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы реформа НАТО-ның мемлекет-серіктестермен ынтымақтастығында үлкен мағынаға ие болып келе жатқан сала болып қала бермек. НАТО және жеке мемлекет-мүшелер бұл салада үлкен білімге және дағдыға қол жеткізді, олармен серіктестер пайдалана алатындай.

## НАТО-ның Ауғанстандағы «Табанды қолдауы» атты миссиясы

НАТО-ның Ауғанстандағы жаңа миссиясы «Табанды қолдау» атауына ие болады. Бұл басқа атаумен шыққан ИСАФ миссиясы емес, айтарлықтай шағын көлемдегі миссия болып табылады. Бұл миссияның жалғыз ғана мақсаты - ауған күштерін дайындау, кеңес беру және көмек көрсету. Бұдан басқа, НАТО Ауған ұлттық күштер қауіпсіздігіне қаржылау көмек көрсету бойынша міндеттелген болатын; және НАТО мемлекеттері «Ұзақ мерзімдік серіктестік» мақсатында Ауғанстанмен саяси қатынастарды нығайту туралы өзара келісім жасасты.

Мүше мемлекеттер мен серіктес мемлекеттердің көп бөлігі жаңа миссияға қолдау көрсетуді ұсынды. НАТО Ауғанстан қауіпсіздігінің айнамастығын сақтайды, және осы айнамастық ең жоғарғы деңгейде дәлелденген болатын.

2013 жылдың маусым айында НАТО-ның қорғаныс министрлері бірлесіп миссияның негізгі қағидаларын бекітті. Миссия шектеулі бес аймақта ғана жүзеге асырылады: Кабул, солтүстік, батыс, оңтүстік және шығыс аймақтары, сонымен қатар, әскери күш мекемелері секілді ұлттық институттарға және олардың әскери корпусстар және полиция басқармасы деңгейіндегі дайындығына бағытталады. «Табанды қолдау» миссиясын жоспарлау 2014 жылы жалғасын табады



Ең маңызды тапсырмалардың бірі – НАТО қолдауымен бітімгерлік шараларды және дағдарыстық реттеу бойынша шараларды қолдауды жүзеге асыруда мемлекет-серіктестердің күш қабілетінің артуы. Екі жақты бағдарламалар және көп ұлтты оқулар НАТО әскерлерімен өзара әрекеттесуі үшін мемлекет-серіктестердің күш қабілетінің дамуына көмектеседі. Бір тілде сөйлеу және стандартты шаралар жоспарында оперативті сәйкестікті құру принциптік мағынаға ие.

Қорғаныс және қауіпсіздік аясындағы реформа саласында мемлекет-серіктестермен ынтымақтастықтың тағы бір басым бағыты – бұл қорғаныс институттарына тиімді және ықпалды басқаруға қолдау көрсету, сонымен қатар қарулы күштерге азаматтық және демократиялық бақылау жүргізу.

Басқа да көптеген мемлекет-серіктестерде әскери реформа және қарулы күштерді трансформациялау ағымдағы қауіпсіздік құрылымдарын қысқартып немесе бейімдеп жатқанда Орталық Азияда басқа жағдай қалыптасты.

Аймақтың көптеген елдері оларды жинап және оқытатындай офицерлердің жаңа тобын құру керек болған. Оған қоса қорғаныс министрлігінің жаңа құрылымдары парламенттік және азаматтық бақылауға көмектесетін реформаларға, қорғаныс саласында анық жоспарлау мен ресурстарды таратуда қиындықтар туғызуда.

Мемлекет-серіктестерге нақты және техникалық реформалармен көмектесетін маңызды құрал БУС жоспарлау және талдау процесі (ЖЖТП) болып табылады. Ол НАТО басшылығымен жүргізілетін бейбітшілікті қолдау бойынша іс-шараларға бөлінуі мүмкін күш пен қаражаттарды анықтап, дамытып және бағалауға көмектеседі. ЖЖТП сонымен қатар мемлекет-серіктестер тиімді, экономикалық қолжетімді және тұрақты қарулы күштерді құру үшін параметрлерді белгілейді, сондай-ақ әскери реформаны жүргізу бойынша барынша ауқымды күшті қолдайды. ЖЖТП шеңберінде әрбір мемлекет-қатысушымен серіктестіктің мақсаттары келісіледі және прогрес жыл сайын егжей-тегжейлі талданады. Орталық Азиядан бірнеше серіктестер ЖЖТП-ға қатысуға бел байлады. Қазақстан оған 2002 ж. бері қатысады; Өзбекстан мен Қырғызстан бұл процеске 2002 ж. және 2007 ж. сәйкесінше қосылды. Алайда, соңғылардың қатысуы міне бірнеше жыл бойы тоқтатылды. Тәжікстан да ЖЖТП-ға деген бірінші кезектік қызығушылығын танытты.

НАТО күштерімен оперативті сәйкестігін жоғарылату бойынша Қазақстан үкіметі күштері қазақстандық батальонды (ҚАЗБАТ), ал содан кейін НАТО елдері қолдау көрсеткен қазақстандық бригаданы (ҚАЗБРИГ) құруға алып келді. 2006 ж. бері Қазақстан НАТО елдерімен және аймақтық серіктестермен бірлесе отырып өз территориясында «Дала қыраны» атты жыл сайынғы оқулар жүргізеді. Бұл оқулар ҚАЗБАТ пен Солтүстікатлантикалық одақ

## Қырғызстан – әлеуметтік адаптация және запасқа босатылған әскери қызметкерлерді қайта дайындықтан өткізу

НАТО запасқа босатылған әскери қызметкерлердің әлеуметтік адаптациясы және оларды қайта дайындықтан өткізу саласында ағылшын тілін, менеджмент және ақпараттық технология курстарын ұсыну арқылы көмек көрсетуде. Аймақтағы бағдарлама 2012 жылы кең етек алды; қазіргі кезде курстар Бішкек және Ош қалаларында өткізіледі. Ош қаласындағы жаңа нысан запасқа босатылған шекарашыларды оқыту қызметін ұсынады. 2013 жылдың соңына қарай бағдарлама аясында 450-ге жуық бұрынғы әскерлер қайта дайындау курстарынан өтті. 2014 жылы НАТО шамамен 140 бұрынғы әскерлерді қайта дайындықтан өткізу курстарын ұйымдастыруды жоспарлайды.



Қазақстан қарулы күштерінің әскерлері «Дала бүркіті 2013» атты жаттығу қатысты. 2013 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Африка мен Гаити жерлеріне БҰҰ бітімгершілік миссиясына шолушы ретінде 20 офицерді жіберу туралы шешімі жайында жариялады.



Қазақстанда КАЗБАТа мүмкіндіктері мен бітімгершілік рәсімдеріне жаттығу жасауға бағыттылған «Дала бүркіті 2013» атты жаттығулар жүргізіледі. Тренинг 12 мемлекеттен келген 1260 әскери қызметкерлер, бақылаушылар және басқа да қатысушылар үшін ұйымдатырылды.

күштерінің оперативті сәйкестігін жоғарылатуға көмектеседі. 2012 және 2013 жж. оқулар «Бейбітшілік үшін серіктестік» рухында Қазақстанмен жүргізілді. Сонымен қатар Қазақстан жеке бөлімшелердің (мысалы, ҚАЗБАТ) НАТО-мен толық оперативті сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатын жария етті. Оперативті әлеуеттер Тұжырымдамасына сәйкес – күштерді біріктіру, НАТО бөлімшелерді стандарттау, дайындық, бағалау және сертификаттауды ұсынады. Нәтижесінде, мемлекет-серіктестер жоғары заманауи, өрістетілген және оперативті сәйкес күштерді алады. Ол күштер нәтижесінде бітімгершілік шараларын және БҰҰ бейбітшілігін қолдау шараларын қосқанда түрлі үлгідегі шараларда қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар оларды болашақта дағдарыстық ескеру және қоғамдық шараларда НАТО-мен бірге жазатын мүмкіндік ретінде қарастыруға болады.

2007 ж. Қазақстан Әскери білімді тереңдету бағдарламасына (DEEP) қатысуға ниет білдірді; бағдарлама шеңберінде Қорғаныстың ұлттық университетіне (ҚҰУ) НАТО мен батыс елдердегі әскери оқу орындарында оқытуға сәйкес келетін оқу жоспарларын жасау мен педагогикаға көмек көрсетіледі. Қазіргі уақытта Әскери білімді тереңдету бағдарламасы ҚҰУ оқытушылар құрамына демеу көрсетуге және БҰС Қазақстан құрлықтағы әскери институты (ҚАЗҚӘИ) Оқу орталығына курстар жасауға негізделген.

Серіктестіктің оқыту-білім беру орталықтарының қауымдастығы мүшесі (СОББОҚМ) ретінде Қазақстан НАТО-ның мемлекет-мүшелері мен мемлекет-серіктестер әлеуетін құруға өз үлесін қосуда. ҚАЗҚӘИ 2010 ж. СОББОҚМ есебінде ресми түрде мойындалды; ол Финляндия қорғаныс күштерінің халықаралық орталығы және Швеция қарулы күштерінің оқу орталығы сияқты СОББОҚМ жүйесінің басқа да мүшелерімен бірге оқу жоспарын жасау үшін нұсқаушыларды оқыту бойынша алмасу жүргізіледі.

Қазақстан сонымен қатар аймақтағы ЖЖТП бойынша жұмыстар тәжірибесімен бөліседі және бұл тақырыпқа аймақтық мәжіліс ұйымдастырды. Бұдан бөлек, ҚАЗҚӘИ мемлекет-мүшелері мен мемлекет-серіктестерге әскери терминология бойынша жыл сайынғы ағылшын тілі курстарын ұсынады, сондай-ақ НАТО штаб процедуралары бойынша және Орталық Азия мен Ауғанстан тарихы, экономикасы, мәдениеті туралы бес күндік танысу курстарын ұсынады.

Өзбекстан үкіметінің сұрауы бойынша 2013 ж. желтоқсан айында НАТО Өзбекстанмен DEEP жүзеге асыра бастады. Соңғы үш жылдың ішінде НАТО басшылығымен көп ұлтты оқытушылар топтары келесі салаларда төрт курсты жасауға көмектеседі: НАТО-мен танысу, НАТО-ның штабтық процедуралары, терроризммен күрес және азаматтық төтенше жоспарлау. DEEP бағдарламасы Өзбекстан БҰС Оқу орталығымен бірігіп енгізілуде.

Солтүстікатлантикалық одақ үшін басқа да басымдылық бұл НАТО-БҰС

мақсатты қорларының механизмін пайдалану арқылы қарусыздандыру жоспарларын жүзеге асыруда мемлекет-серіктестерге қолдау көрсету болып табылады. Жобалардың мақсаты – мемлекет-серіктестерге артық қорларын немесе ескірген миналарды, ату жарақтарын, атқыштар қару-жарағын және жеңіл қарулануды қауіпсіз жоюда көмек көрсету, сонымен қатар әскери реформаның нәтижесін жеңуде көмек көрсету. Жеке мемлекет-мүшелер мен мемлекет-серіктестердің ерікті салымдарының есебінен қаржыландырылатын бұл жобалар әдетте басқа сәйкес ұйымдармен тығыз ынтымақтастық болатындығын болжайды. Тәжікстанда Ұлыбритания басқаратын және негізгі салымшы ретінде Жапония болып табылатын НАТО-БҮС мақсатты қор жобасы жүзеге асырылуда; бұл жоба шеңберінде жарамсыз ату жарақтарын жою жүргізіледі және шекаралық аймақтарда қару мен ату жарақтарын сақтау нысандарын тексеру жүргізіледі. Жоба өндірістердің, қорлардың жинау, пайдалану және жаяу әскерлерге қойылатын миналарды беру мен оларды жоюға тыйым салу жөніндегі Оттава конвенциясымен қарастырылған міндеттерді орындау 2004 ж. елде қалған 1200 жаяу әскерлерге қойылатын миналарды жоюдың тиімді нәтижесіне алып келіп, Тәжікстанға көмектесті.

2009 ж. Қырғызстанда НАТО запасқа жіберілген әскери қызметкерлерді әлеуметтік бейімдеу және қайта даярлау бағдарламасын жүзеге асыра бастады. Сол кезден бері бағдарлама кеңейді және астана Бішкек қаласымен қатар елдегі көлемі жағынан екінші орындағы Оша қаласында жүзеге асырылуда. Қырғызстан үкіметінің ықыласына жауап ретінде алдын ала жұмыстар басталды – Түркия басшылығымен және Швейцарияны қоса есептегенде – атқыштар қару-жарағын және жеңіл қарулану және ату жарақтарын қауіпсіз сақтауға нысандарды жақсарту бойынша НАТО-БҮС мақсатты қордың жаңа жобасы бойынша.

## Орталық Азияға Ауғанстаннан келетін есірткі саудасына қарсы әрекетке көмек көрсету

Ауғанстанда әлемдік апиынның 90% өндіріледі, ал бұл халықаралық қауымдастықтың аса назарын аударатын мәселе. Есірткі саудасы ұйымдасқан қылмыс пен лаңкестікті қаржыландырумен тікелей байланысты. Есірткіні қолдану әлеуметтік және ұлттық шектеулерден хабардарсыздардың денсаулығын сақтау бойынша ірі мәселелерді туғызып отыр.

Орталық Азиядағы барлық бес серіктес мемлекеттер 2005 жылдың желтоқсан айынан басталған заңсыз есірткі айналымымен күрес тәсілдерін құқық қорғау органдарына оқыту мәселесі бойынша әзірленген Ресей–НАТО Одағы жобасына қатысады. Бұл бастама НАТО мен Ресей мемлекеттерінің жинаған жалпы тәжірибелерімен, білімімен Ауғанстан мен Орта Азия және Пәкістан мемлекеттерінің ортаңғы дейгейдегі қызметкерлерімен алмасу арқылы жергілікті мүмкіндіктер және аймақтық байланыстар мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЕҚБ) осы жобаның жауапты орындаушысы ретінде тағайындалды. Ауғанстан, Орта Азия және Пәкістан офицерлері үшін оқыту курстары Ресейде, Түркия мен АҚШ-та өткізілген болатын. Сонымен қатар, орындарда да мобилді курстар да өткізілді. 2013 жылы жоба аясында заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес тәсілдерін оқытуға халықаралық көмек көрсету бойынша жұмыстар басталды. Бұл істің мақсаты Солтүстік Тәжікстан мен Оңтүстік Қырғызстан арасындағы бар бақылау-өткізу пунктарында БҰҰ ЕҚБ-ның шекаралық әрекеттесу кеңселерін ашуына қолдау көрсету болып табылады.

Ауғанстан, Орталық Азия және Пәкістан өкілдерімен бірлесе жобаға қатысушы Ресей-НАТО Одағы мемлекеттері заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес тәсілдерін оқытуда осы жоба мемлекеттерді қажеттіліктерімен қамтамасыз етіп тұруы үшін жоғарғы деңгейдегі басшылар отырыстарын ұйымдастырады. 2013 жылдың соңына дейін РНО жобасы аясында 3000-нан аса қызметкер оқыту курстарын тәмамдады. Бұл проекттің пайдалы әсерінің тағы бір айғағы құқық қорғау органдарын заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес тәсілдеріне мамандандырылған түрде оқытуға көптеген сұраныстардың түсуі.

## Төтенше жағдайлар мен табиғи апаттарға қарсы шұғыл әрекет ету және оған алдын-ала дайындалу

Табиғи апаттар мен техногендік сипаттағы төтенше жағдауларға тойтарыс беру ең мықты мемлекеттер үшін де оңай іс емес. Мұндай төтенше жағдайлардың арты мемлекет шекарасынан өтіп, толық бір аймақтардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына залал келтіруі мүмкін. Сондықтан, төтенше жағдайларға қарсы шұғыл әрекет ету мен оларға дайындық жөніндегі ынтымақтастық (НАТО-да «азаматтық төтенше жоспарлау») серіктестік үшін аса маңызды және оның ажырамас бөлігі болып табылады. Орталық Азиядағы бірқатар серіктес мемлекеттер НАТО-мен төтенше жағдайларға қарсы шұғыл әрекет ету мен оларға дайындықты нығайту жұмыстарын бірлесе атқарып жатыр. Осы мәселеге байланысты ұйымдастырылатын көптеген шаралар Табиғи апаттар мен төтенше жағдайларға қарсы шұғыл әрекет ету жөніндегі Еуроатлантикалық координациялық орталығы (ТАТЖҚШӨЕЕКО) аясында өткізіледі.

ТАТЖҚШӨЕЕКО Табиғи апаттар жағдайында СЕАП мемлекеттері арасындағы күшті координациялау мақсатында 1998 жылы құрылған болатын. Мысалы, бұл орталық 2005 жылы Қырғызстанның оңтүстік аймақтарында болған жойқын су тасқыны және 2006 жылы сол елде болған күшті қар көшкінінен кейін жергілікті биліктің көмек сұранысын қанағаттандырды.

Орталық Азиядағы көптеген серіктес мемлекеттер ТАТЖҚШӨЕЕКО арқылы ұйымдастырылатын шаралар мен жаттығуларға қатысады, ал Қазақстан НАТО штаб-пәтеріндегі ұйымның оперативті орталығына өз өкілін жіберді. Жаттығулар әрекет күші мен қаражатты бағалау үшін және болашақтағы ынтымақтастықты кеңейту бағыттарын анықтау үшін аса құнды мүмкіндік береді. Соңғы жылдары ТАТЖҚШӨЕЕКО арқылы ұйымдастырылған шаралар мен жаттығулар серіктес мемлекеттерге ұсынылып, сонда ұйымдастырылып өткізілді. Бұл БҰС-тің ең ірі әскери емес ажырамас қызметі болып табылатын азаматтық төтенше жоспарлау аясындағы ынтымақтастықты барлық серіктестер қалай қадірлейтінінің айғағы.

### Тәжікстан – мақсатты қордың шекаралық аймақтарда оқ-дәрілердің қауіпсіз қолданылуы мен сақталуы жөніндегі жобасы

Тәжікстанда оқ-дәрілер бірқатар министрліктердің құзыретінде, тарихи себептер мен халық қауіпсіздігін ойлауға байланысты олардың көп бөлігі мемлекеттің барлық аймақтарына таралған. НАТО-ның мақсатты қоры запасқа босатылған Тәжікстан әскерлерінен алынған жарылысқа қауіпті заттарды залалсыздандыру бойынша команданы барлық қажеттіліктерімен және дайындықпен қамтамасыз етеді. Команда пайдалану бойынша қызметтер және оқ-дәрілердің физикалық, техникалық қауіпсіздігі бойынша сарапшылық кеңестік көмек көрсете отырып, физикалық қауіпсіздікті күшейтеді және запастағы оқ-дәрілерді барынша тиімді пайдалануды жетілдіреді.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті қауымдардың көмегімен мақсатты қордың жарылысқа қауіпті заттарды залалсыздандыру бойынша командасы артық және жарамсыз оқ-дәрілерді жояды және қажет болған жағдайда, пайдалануға жарамдыларын сақтауға қауіпсіз жерлерге тасымалдайды.

Тәжікстан билігінің шақыруы мен келісіміне сәйкес мақсатты қордың жарылысқа қауіпті заттарды залалсыздандыру бойынша командасы жобаның келесі кезеңінде қауіпсіздік пен қорғаныс тексерісін жүргізу мақсатында алыс нысандарға аттанады. Тексерістен өткен нысандардан алынған есеп алдағы уақыттағы оңтайлы әрекеттерді алдын-ала жоспарлауға негіз бола алады. Бұдан бұрын, Тәжікстанның мемлекеттік кәсіпорындарына запастағы оқ-дәрілердің қауіпсіздігі мен оларды барынша тиімді пайдалану бойынша дайындық курстары ұсынылатын болады.



© NATO

## Ғылым және қоршаған орта

Орталық Азиядағы ғалымдар мен зерттеушілер НАТО-ның «Ғылым бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін» (ҒБҚҰ) атты бағдарламасы аясында ұйымдастырылған жобаға екі онжылдықтан бері ат салысып келеді. ҒБҚҰ бағдарламасы НАТО-ның серіктес және мүше мемлекеттерінің қауіпсіздігін нығайту мақсатындағы мәселелер бойынша тығыз ынтымақтастыққа себін тигізеді. Халықаралық күштермен бірлесе отырып, әсіресе, аймақтық мағынада, бағдарлама жаңа қауіпсіздік шараларын нығайтуға, НАТО жетекшілігімен жүргізілетін операцияларға қолдау көрсетуге, сонымен қатар, төтенше жағдайлар мен дағдарысты алдын-ала болжау және ертерек ескерту жасау шараларын күшейтуге бағытталған.

Ынтымақтастық ғалымдар арасында дәстүрге айналып, ғылыми прогрестің қажеттілігіне айналды. Құрылып жатқан жүйелер түрлі мәдениет пен дәстүр өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен сенімділікті нығайтуға себін тигізуде. ҒБҚҰ бағдарламасының тағы бір бағыты серіктес мемлекеттерге бірлескен нақты іс аясындағы өздеріне тиімді істерді орындауға көмек ретінде технологияларды жеткізу және олармен алмасу болып табылады. Бұл шаралар көпжылдық ғылыми-зерттеу жобалары, симпозиумдер мен оқыту курстары есебінен жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі кезде Орталық Азия мен НАТО елдерінің сарапшылары қауіпсіздіктің ауқымды мәселелері, оның ішінде, лаңкестікке қарсы күрес, табиғи апаттарды болжау және алдын-ала ескерту, сонымен қатар, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі мәселелерге шешім табу жолында ынтымақтаса жұмыс атқаруда. Мысалы, 2012 жылдың маусым айында Бішкек қаласында (Қырғызстан) біліктілікті арттыру курстары өтті, онда әскери және азаматтық сарапшыларға лаңкестікке қарсы күрестің мемлекеттік күш-қуатын құру бойынша жалпы әдіс-тәсілдер ұсынылған болатын. 2013 жылдың мамыр айында өткен Самарқан қаласында (Өзбекстан) өткен семинарда ықтимал дағдарыстар мен шиеленістерді апаттарды болжау, моделдеу және тұрақты даму жолдарымен алдын-алу жөніндегі мәселелер талқыланды. Соңында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан сарапшыларының қатысуымен судың трансшекаралық ластануын бақылау және бағалау бойынша көпжылдық ғылыми-зерттеу жобасының (халқытың әлеуметтік-экономикалық гулденуі үшін ерекше мәнге ие аймақтар) жүргізіліп жатқанын айта кету қажет.

## Қоғамдық дипломатия

Орталық Азиядағы серіктестермен қоғамдық дипломатия бойынша ынтымақтастық Солтүстік Атлантикалық Одақ және НАТО-мен серіктес болу игілігі туралы хабардарлықты арттыруға, сонымен қатар, қоғамдық пікір мен азаматтық қоғамды қалыптастыруға қабілетті басты тұлғаларды тартуға бағытталған. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарымен, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-мен желілер құру үшін мүдделі серіктес



«Ғылым қауіпсіздік пен бейбітшілік үшін» атты бағдарлама аясындағы табиғи апаттарды болжау, дағдарысты моделдеу мен тұрақты даму тақырыптары бойынша болып өткен симпозиум қатысушылары. Симпозиум 2013 жылдың маусым айында Өзбекстанның Самарқант қаласында өтті.



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің студенттері 2013 жылдың қараша айында өткізілген НАТО моделдері атты конференцияға қатысты. НАТО ақпараттық орталығымен ұйымдастырылған шарада НАТО штаб-пәтеріндегі халықаралық қызметкерлермен видео арқылы тілдесу конференциясы да болды.

мемлекеттермен ынтымақтастық жүзеге асырылуда. НАТО демеушілігімен жергілікті кәсіпорындар немесе үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік органдардың қатысуымен семинар, конференция және симпозиум секілді түрлі іс-шаралар өткізеді.

2007 жылдан бастап Алматы қаласында (Қазақстан) қажетті баспалар мен құжаттарға қол жетімділік мүмкіндігін арттаруға бағытталған НАТО жөніндегі ақпараттық және ресурстық орталық жұмыс істеп келеді. Солтүстік Атлантикалық Одақ осы өңірде депозитарлық НАТО кітапханалар мен мультимедиялық «НАТО бұрыштары» желісін кеңейтуде, соған куә, 2014 жылдың басында Ташкенттегі (Өзбекстан) Әлемдік экономика және дипломатия университетінде құрылған желілер. Бұл елдердің ғылыми және мемлекеттік қызметкерлері, қоғамдық пікірді қалыптастырушы тұлғалары Солтүстік Атлантикалық Одақ қызметімен танысу мақсатында НАТО-ның штаб-пәтеріне шақырулар алады.

НАТО-ның құзыретті қызмет иелері белгілі бір мемлекет өкілімен кездесіп, қоғамдық шараларда сөз сөйлеу үшін қажетті аймақтарға іс-сапарлар ұйымдастырады. Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық және байланыс бойынша НАТО қызметкері қоғамдық дипломатияда азаматтық қоғам мен БАҚ тарту және қоғамдық шараларға қатысу арқылы белсенді рөл атқаруда.

- 1992 Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан Түркіменстан және Өзбекстан мемлекеттері Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық одақ мүшелігіне енді.
- 1994 Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекстан мемлекеттері «Бейбітшілік үшін серіктестік» (БҮС) шектелмелі құжатына қол қойды.
- 2001 Орталық Азиялық серіктестер мен Солтүстік Атлантикалық серіктестіктің басқа да мүшелері бірігіп 11 қырқүйекте болған лаңкестік оқиғаны талқылап, лаңкестікке қарсы күресуге міндеттелді. Орталық Азия территориясы үстінен ұшу құқығы, базалар мен басқа да нысандар АҚШ жетекшілігімен Ауғанстандағы коалиция жүргізетін операциялардың демеушілігіне берілді.
- 2002 Тәжікстан «Бейбітшілік үшін серіктестікке» (БҮС) мүше болды.  
Қазақстан мен Өзбекстан БҮС жоспарлау және талдау процесіне қатыса бастады.
- 2003 Өзбекстанда төтенше жағдайлар кезінде шұғыл әрекет ету бойынша «Ферғана-2003» атты жаттығу өткізілді.  
НАТО Ауғанстанға халықаралық күштермен қауіпсіздік көмегін көрсету контингентіне жетекшілік етті; барлық орта азиялық серіктестер сол миссияның жүзеге асырылуына қолдау көрсетті.
- 2004 Стамбұлда өткен НАТО саммитінде Орталық Азия мен Кавказ мемлекеттеріне ерекше назар салу туралы шешім қабылданды; осы екі аймақ бойынша Бас хатшының арнайы өкілі қызметі құрылып, әр аймақ бойынша өзара әрекеттесу және байланысу бойынша НАТО қызметкері тағайындалды.  
Тәжікстан Ауғанстандағы операциялар мақсаты үшін НАТО-мен транзит бойынша келісімшартқа қол қойды.  
БҮС мақсаттық қорының шағын жобасының арқасында Тәжікстан 1200 минаның жойылуына қол жеткізді.
- 2006 Қазақстан алғаш рет серіктестік әрекетінің жеке жоспарын әзірледі.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде НАТО жөніндегі ресурстық және ақпараттық орталық, Астана қалалық (Қазақстан) Ұлттық кітапханада депозитарлы НАТО кітапханасы ашылды.
- 2007 Түркіменстан Президенті Құрбанғұлы Бердімұхаметов НАТО штаб-пәтеріне іс-сапармен барды.  
Қырғызстан БҮС жоспарлау және талдау процесіне қатысу туралы шешім қабылдады.
- 2009 Бішкек қаласындағы (Қырғызстан) дипломатиялық академияда депозитарлық НАТО кітапханасы ашылды.

НАТО Қырғызстан қарулы күштерінен запасқа босатылған әскери қызметкерлердің әлеуметтік адаптациясы және қайта дайындықтан өтуі бойынша бағдарламаны бастады.

Қазақстанда (Астанада) Еуроатлантикалық серіктестік одақ қауіпсіздік (СЕАП) форумы болып өтті, сонымен қатар, төтенше жағдайлар кезінде шұғыл әрекет ету бойынша «Жетісу-2009» атты жаттығу өткізілді.

2010 НАТО Қазақстан және Өзбекстанмен ұшақ тасымалына жарамсыз ИСАФ жүктерін темір жол арқылы тасымалдау туралы келісімшарт жасады.

Өзбекстанда Мақсатты қордың «Меланж» (уыздақ) зымыран жанармайын пайдалану туралы жоба аяқталды.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев НАТО іс-сапармен штаб-пәтеріне барды.

2011 Өзбекстан Президенті Ислам Каримов НАТО штаб-пәтеріне іс-сапармен барды.

Қырғызстан Президенті Роза Отунбаева НАТО штаб-пәтеріне іс-сапармен барды.

2012 Барлық орталық азиялық серіктес мемлекеттердің сыртқы істер министрлері, сонымен қатар, Өзбекстанның қорғаныс министрі Чикаго қаласында өткен НАТО Саммитіне қатысты.

НАТО Қырғызстанмен ұшақ тасымалына жарамсыз ИСАФ жүктерін темір жол арқылы тасымалдау туралы келісімшарт жасады.

2013 Тәжікстанда Мақсатты қордың жарамсыз қару-жарақтарды пайдалану және шекаралық аймақтардағы қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған нысандарға тексеріс жүргізу бойынша жаңа жобасын жүзеге асыру жұмыстары басталды.

Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаев НАТО штаб-пәтеріне іс-сапармен барды.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон НАТО штаб-пәтеріне іс-сапармен барды.

Ташкентте (Өзбекстан) Орталық Азияда байланыс және өзара әрекеттесу бойынша НАТО қызметкерінің бюросы ашылды.

2014 Ташкенттегі (Өзбекстан) Әлемдік экономика және дипломатия университетінде депозитарлы НАТО кітапханасы ашылды.

НАТО баспаларын электронды кітап дүкенінен табуға болады: [www.nato.int/ebookshop](http://www.nato.int/ebookshop)

НАТО-ның анықтамалық кітапшаларында Солтүстік Атлантикалық Одақтың саяси және қызметтік бағыттары туралы мәліметтер ұсынылған. Олар Бас Хатшының жетекшілігімен баспадан шығарылып, жеке мүше мемлекеттердің үкіметтік ұстанымы мен ресми пікірлерін қамтиды.

НАТО-ның Қоғамдық Дипломатия Басқармасы, 1110 Брюссел, Бельгия – [www.nato.int](http://www.nato.int) – © NATO 2014